

**С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ**

**КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ  
ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА**



**С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина Университетінің  
медициналық білім үлгісі:  
студенттерді кәсіби дайындау барысында құқықтық компетенцияларын  
қалыптастыру стратегиясы**

**Модель медицинского образования Казахского национального медицинского  
университета имени С.Д.Асфендиярова:  
стратегия формирования правовой компетентности в процессе  
профессиональной подготовки студентов**

**Алматы, 2011**

УДК 378  
ББК 74.58  
С 20

Рецензенттер:

- Абай атындағы ҚазҰПУ мемлекеттік және конституциялық құқық теориялары кафедрасының профессоры, з.ғ.д. Дүйсенов Э.Э.
- Абай атындағы ҚазҰПУ мемлекеттік және конституциялық құқық теориялары кафедрасының аға оқытушысы, з.ғ.к. Ильясова Б.К.

**С 20 С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина Университетінің медициналық білім үлгісі: студенттерді кәсіби дайындау барысында құқықтық компетенцияларын қалыптастыру стратегиясы/** Аканов А.А., Тулебаев К.А., Мырзабеков О.М., Каракушикова А.С., Сарсенбаева С.С., Абилова М.А., Оспанов Т.Т., Баймаханова Н.Т., Жунусова А.Ж.  
– Алматы, 2011. – с.83.

ISBN 978-601-246-213-5 (общ.)

Бірінші рет республикамыздағы 2011 – 2015 жылдарға арналған денсаулық сақтауды дамыту «Саламатты Қазақстан» Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыра отырып, 2010 жылы С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінде (ҚазҰМУ) студенттердің құзыретті – бағдарланған білім алуына негізделген Медициналық білім беру үлгісі өңделді. Бұл қоғамда және денсаулық сақтау жүйесіндегі жаңа талаптарға бірдей және кәсіби – құзыретті, бәсекеге қабілетті медицина маманын қалыптастыруға толығымен негіз болады. Алдыңғы шығарылымдарда негізгі бес құзыреттер көзінің үшеуі – білім, тәжірибелік дағдылар және коммуникативтік дағдылар көрсетілген. Жоғары дәрежелі медицина қызметкерінің мінезі құқықтық тұрғылармен байланысқандығы – дауланбайтын айғақ. Осы уақытқа дейін жалпы медицина факультетінің студенттеріне білім және медициналық құқық бойынша игерген білімдері бір жүйелі болған жоқ. Медициналық ЖОО студенттерінің құқықтық құзыреттерін қалыптастыру – күрделі және ерекше процесс болып табылады. ҚазҰМУ – да өңделген, құқықтық құзыретті қалыптастыру стратегиясы ұжымдық қарым – қатынас, кәсіби бағыттылық, функционалдық, тізбектілік, мирасқорлық принциптеріне негізделген.

Кітап оқу орындарының жетекшілері мен білім саласындағы мамандарға, әдіскерлерге, медициналық ЖОО оқытушылары үшін арналған.

ISBN 978-601-246-213-5 (общ.)

УДК 378  
ББК 74.58

○ С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ

## Мазмұны

Кіріспе .....	4
1 Мақсатты қадам. Мақсаттар мен міндеттерді дайындау. Оқушының тілегін қанағаттандыратын құқықтық компетенцияларды қалыптастыру әдістемесін таңдау.....	5
2 Мазмұнды қадам. Мазмұнын анықтау. Құқықтық компетенция туралы білімі мен дағдыларын қалыптастыру.....	6
3 Ұйымдастыру-іскерлік қадам. Оқыту барысында студенттің тәртібі қалай өзгерді және оның компетенттілік деңгейі жұмыс жағдайында тиімді іс-әрекетін қамтамасыз ете алады ма .....	10
4 Нәтижелі қадам. Жұмыспен қамтушылардың жалпы және жорамалды оқытудың университет үшін көзге көрінетін нәтижелері қандай .....	23
ҚазҰМУ бітіруші түлектерінің құқықтық компетенцияларын бағалау.....	26
ҚазҰМУ бітіруші түлектерінің құқықтық компетенцияларын қалыптастыру принциптері .....	29
ҚазҰМУ бітіруші түлектерінің құқықтық компетенцияларын қалыптастыру үлгісі.....	30
ҚазҰМУ бітіруші түлектерінің құқықтық компетенцияларын сатылы дамыту схемасы.....	32
ҚазҰМУ бітіруші түлектерінің құқықтық компетенттіліктерінің қорытынды жетістіктері .....	37
Қосымша. «Жалпы тәжірибелі дәрігер», «ішкі аурулар-терапия» бағыты бойынша дайындаудың «жалпы медицина» мамандығы түлектерінің компетенциялары .....	38

## Кіріспе

С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ медициналық білім үлгісі болашақ маманды дайындаудың компетентті-бейімделген жолын қарастырады. Негізгі компетенциялардың біріне **құқықтық компонент** жатады. (С.Ж.Асфендияров атындағы медициналық білімі. 1 шығарылым. – Алматы: С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ, 2010. – 1 Бөлім. - 103 б.).

«Құқықтық компетенция» дегеніміз не? Компетенция қоғамның құқықтық құндылықтарына негізделген тұлғаның интегралды қасиеті болып табылады, осы тұлғаның құқықтық белсенділік, жауапкершілік, коммуникативтілік және толеранттылық сияқты кәсіби маңызды сапа таныта отырып, науқастардың әлеуметтік-құқықтық қорғауды жүзеге асыруға дайындығы мен мүмкіндігін көрсетеді.

Құқықтық емес ЖОО студенттерінің құқықтық компетенцияларын қалыптастыру күрделі және арнайы үрдіс болып табылады. Бірақ білікті дәрігер жұмысы құқықтық аспектілермен тығыз байланысты. Құқықтық компетенцияларды қалыптастыру үлгісі тиімділік, бірізділік, жан-жақтылық, кәсіби бағыт, әріптестік қызмет принциптеріне негізделген.


ҚазҰМУ бітіруші түлектерінің құқықтық компетенцияларын қалыптастыру үлгісі өзара байланысты және бірізді сатылар жүйесінен тұрады - мақсатты, мазмұнды, ұйымдастыру-іскерлік және нәтижелі.



1 Сурет. Құқықтық компетенцияларды қалыптастырудың принципіалды үлгісі

Компетенцияларды қалыптастырудың принципіалды үлгісіне сәйкес (1 сурет) құқықтық компетенция технологиясы оқу деңгейімен тікелей байланысты. Төменгі курстарда (1-2) жалпы оқытылатын пәндер арқылы МЖМББС қарастырылған алғашқы дағдыларды дамыту, ал 3-4 курстарда – элективті пәндер арқылы негізгі білімі мен дағдыларын қалыптастыру, 5 курстан бастап – таңдаған мамандық талаптарына сәйкес арнайы білімдерін меңгеру, осымен бірге 5 курстан бастап студент меңгерген құқықтық дағдыларын көрсете білуі керек. 6 курстан бастап – арнайы дағдыларын жетілдіру, клиникалық тәжірибеде оларды игере білуі қажет.

Медициналық ЖОО студенттерінің құқықтық компетенцияларын қалыптастыру жалпыға мәлім **Киркпатрик үлгісіне** (Kirkpatrick) негізделген, ол төрт кадамнан тұрады, және сәйкесінше оқу нәтижелерін бағалау деңгейлерінен:



**1 Мақсатты қадам. Мақсаттар мен міндеттерді дайындау. Оқушының тілегін қанағаттандыратын құқықтық компетенцияларды қалыптастыру әдістемесін таңдау.**

Құқықтық компетенцияларды қалыптастырудың мақсаты медицина мен басқа мамандықтарға (медициналық-биологиялық) қатысты құқықтық салада сауатты әрекет етуші білікті маман дайындау болып табылады.

Құқықтық компетенцияларды дамытудың міндеттеріне жатады:

- Қазақстан Республикасында дәрігерлік қызметті жүзеге асыру және ұйымдастыруда нормативті-құқықтық базаларды өз кәсіби қызметінде сауатты, негізді және тиімді қолдану бойынша білімі мен дағдыларын қалыптастыру;
- адамның адамға, қоғамға, қоршаған ортаға деген қатынасын реттейтін этикалық және құқықтық ережелер және оларды қолдану дағдылары туралы білімін қалыптастыру;
- әлемнің жетекші елдері мен Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау және фармацевтика саласында салықтық және әкімшілік құқық ерекшеліктері туралы білімін қалыптастыру.

Құқықтық компетенцияларды өзектілендіру оқытудың белсенді әдістерінің көмегімен жүзеге асырылады (кейс-әдіс, іскерлік ойындары, жобалар және басқалары). Құқықтық

компетенцияларды қалыптастыру үлгісін жүзеге асыру үшін оларды кәсіби дайындау үрдісінде келесі педагогикалық жағдайлар кешені қажет:

- құқықтық ұстанымдар мен әлеуметтік-құқықтық құндылықтары қолдайтын білім ортасын ұйымдастыру (құқықты сыйлау, адам құқығы мен бостандығын сыйлау, заңдылық және бсқалары);
- оқу-кәсіби, ғылыми, әлеуметтік-мәдени қызметі мен тәжірибелік кезең қызметі аясында барлық оқу барысында студенттердің құқықтық білімін (құқықтық оқу және құқықтық тәрбие) жүзеге асыру;
- негізгі білім бағдарламасы оқу пәндерінің мазмұнын интеграциялау.

### **ҚазҰМУ студенттерінің құқықтық компетенцияларын қалыптастыру үшін қажет:**

1. студенттерге құқықтық ережелерді, олардың белгілерін, құқықтық ережелерді бұзғаны үшін санкцияларды меңгеруін қамтамасыз ету;
2. студенттердің нормативті-құқықтық актілерді меңгеру мүмкіндігі; құқық бұзушылықтар, олардың белгілері; заңды жауапкершілік қызметі мен оның түрлері, заңды жауапкершілікке тарту негіздері; заңдылық, құқықтық тәртіп түсініктері, құқықтық тәртіп ерекшеліктері, құқықтық тәртіп құрылымы мен мазмұны;
3. студенттерді құқықтық идеология және құқықтық психологиямен таныстыру;
4. студенттерде құқықтық мәдениетті игеру қажеттіліктерін қалыптастыру және оның құрамдасы – құқықтық білім мағынасымен. Бұған жүйелі, сатылы жолмен оқуға және кәсіби қызметке деген танымдық қызығушылығын қалыптастыру арқылы қол жеткізуге болады (іскерлік және құқықтық ойын құралдары арқылы);
5. студенттерді өзбетінше әртүрлі жағдайлардағы құқықтық мәселелерді шешуге тарту;
6. кафедраларда студенттердің оқу жұмыстарын басқаратын танымдық міндеттер жүйесін құру. Әсіресе, құқықтық білімін, құқықтық ережелерді қолданудағы тәжірибелік дағдыларын жетілдіру маңызды болып табылады;
7. философия, этика, саясаттану, тарих, мәдениеттану курстарында, соынмен қатар барлық кафедраларда кураторлық сағаттар кезінде жан-жақты құқықтық, патриотты-тәрбиелі тақырыптардағы тақырыптарды тереңдету;
8. еңбекті қорғау курсы (кафедрасын) құру, онда студенттер еңбек заңдылықтары, қауіпсіздік техникалары және кәсіби қызметтің басқа да сұрақтары бойынша білім алады;
9. коммуникативті дағдылар кафедрасында этика және деонтология тақырыптарын тереңдету.

## **2 Мазмұнды қадам. Мазмұнын анықтау. Құқықтық компетенция туралы білімі мен дағдыларын қалыптастыру.**

ҚазҰМУда «Жалпы медицина» (дайындау бағыттары «терапия», «жалпы тәжірибелік дәрігер», «хирургия», «акушерлік және гинекология», «педиатрия»), «Қоғамдық денсаулықсақтау» (бағыттары «гигиена және эпидемиология»), «Стоматология» (бағыттары «дәрігер – жалпы тәжірибелі стоматолог»), «Мейіркеш ісі» (бағыттары «медициналық бикеш - менеджер»), «Фармация» (бағыттары «Фармацевт-провизор»), «Менеджмент» («Денсаулықсақтау және фармациядағы менеджер») мамандықтары бойынша мамандар дайындайды.

Әртүрлі маман бойынша бітіруші түлектердің құқықтық компетенциясының мазмұны немесе «Денсаулық адвокаты» оқу деңгейіне сәйкес нақтыланған, курстан курсқа өткен сайын олардың кенеюіне және жетілуіне жол береді. Осы жол құқықтық компетенция қалыптасуының сатысын анықтауға және оқушылар жетістіктерінің деңгейінің бағалау жолын ойлап табуға мүмкіндік береді.

Университеттің оқытудағы мүмкіндіктері ауқымының кеңдігін ескере отырып, осы компетенция бойынша сұрақтардың мазмұнын екі топқа бөлуге болады - болашақ бітірушіге әлеуметтік-құқықтық сауаттылықты қамтамасыз етеді әмбебап және арнайы пәннің профиліне сәйкес келеді, 1 кестеде келтірілген.


1 кесте - Оқу курстары бойынша құқықтық компетенциялары сұрақтарының мазмұны  
 («С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ медициналық білім үлгісі» кітабынан.  
 2 Бөлім. Оқу бағдарламалары»)

<b>Әмбебап компетенциялар (бастапқы, негізгі)</b>		<b>Оқу бойынша деңгейі</b>
<b>Білімі</b>	<b>Дағдысы</b>	
ҚазҰМУ саясаты туралы ақпараттандыру	ҚазҰМУ саясатының принциптерін сақтау	1
Ішкі тәртіп ережелерін білу	Ішкі тәртіп Ережелерін сақтау	1
Студенттердің құқығы мен міндеттерін білу	Оларды сақтау	1
Студент ары (намысы) Кодексін білу	Студент ары (намысы) Кодексін сақтау	1
Құқық негіздерін білу және өз қызметінде оларды қолдану	Құқық негіздерін білу және өз қызметінде оларды қолдану	1
Адамның адамға, қоғамға, қоршаған ортаға деген қатынасын реттейтін этикалық және құқықтық ережелерін білу	Осы білімдерін қолдану дағдысын дамыту	1
Медициналық құрылғылар химиялық реактивтерімен жұмыс істеуде қауіпсіздік техникалары ережелерін білу	Осы білімдерін қолдану дағдыларын дамыту	1
Конституциялық құқықтарын білу	Науқастардың және болашақ дәрігерлердің конституциялық құқықтарын сақтау	1
ҚР Білім туралы Заңын білу		1
ҚР негізгі экологиялық және заңды құқықтары туралы ақпараттарды меңгеру		1
Денсаулықсақтау саласындағы Қазақстан республикасының нормативті құжаттарын және заңдарын білу		2
Денсаулықсақтау саласындағы мемлекеттік саясат принциптерімен танысу		2
ҚР фармациясы бірыңғай ақпаратты жүйесінің негіздерімен танысу		2
Құқықтық және ұйымдастыру-құқықтық реттеу әдістері мен жолдарын білу		2
<b>Негізгі медициналық және арнайы компетенциялар</b>		<b>Оқу деңгейі</b>
Науқастар туралы ақпараттың конфиденциалдылығын қамтамасыз ету ережелерін білу	Осы білімдерін қолдану дағдыларын дамыту	3
Денсаулықсақтау саласындағы экспертиза негіздері	Осы білімдерін қолдану дағдыларын дамыту	3
Медициналық мекемелерде емдеу-қорғау, санитарлық-гигиеналық және санитарлық-эпидемиологиялық тәртіптеріне қойылатын талаптарды қалыптастыру туралы білімі	Медициналық мекемелерде аталған тәртіп түрлерін қалыптастыру дағдыларын дамыту	3
Қазақстан тұрғындарының санитарлық-эпидемиологиялық жағдайы туралы заңдылықтардың негізін білу	Осы білімін қолдану дағдыларын дамыту	3

«Дәрігер-науқас» өзара құқықтық қатынасын қамтамасыз ету сұрақтарын меңгеру	«Дәрігер-науқас» өзара құқықтық қатынасын қамтамасыз ету туралы білімін тәжірибеде қолдану	3
Денсаулықсақтау саласындағы құқық пен талап негіздері және оларды қамтамасыз ету кепілдігі	Осы білімін қолдану дағдысын дамыту	4
Медициналық мекемелерде емдеу-қорғау, санитарлық-гигиеналық және санитарлық-эпидемиологиялық тәртіптеріне қойылатын талаптарды қалыптастыру туралы білімі	Осы білімін қолдану дағдысын дамыту	4
Барлық науқастар бойынша нормативті-құқықтық базасын білу	Осы білімін қолдану дағдысын дамыту	4
Медициналық қызметкер құқықтары мен міндеттері туралы білімі	Осы білімін қолдану дағдысын дамыту	4
Өртүрлі жастағы науқастарды жүргізудің медициналық-экономикалық рәсімдеуге қойылатын талаптар құрылымы туралы білімі	Өртүрлі жастағы науқастарды жүргізудің медициналық-экономикалық рәсімдеу дағдысын қалыптастыру	4
Қоғамдық денсаулықсақтауды қорғаудағы құқықтық сұрақтарының негіздері	Осы білімін қолдану дағдысын қалыптастыру	5
Денсаулықсақтау саласындағы халықаралық саясат сұрақтары туралы ақпараттандырылуы		5
Тәжірибелік қызметте науқастарға кәсіби қызмет көрсетуде олардың құқықтарын қорғау принциптерін білу	Тәжірибелік қызметте науқастарға кәсіби қызмет көрсетуде олардың құқықтарын қорғау принциптерін қолдану	5
Науқастар құқығын білу	Науқастардың құқығын медициналық көзқараста негіздей білу және оларды жүзеге асыру	5
<b>Арнайы компетенттілікті жетілдіру</b>		<b>Оқу деңгейі</b>
Науқастардың жеке категориясына медициналық-әлеуметтік көмек көрсетудің құқықтық сұрақтары	Науқастардың жеке категориясына медициналық-әлеуметтік көмек көрсету дағдысын дамыту және жетілдіру	6
Науқастардың, дәрігердің құқықтары мен міндеттерін білу, денсаулықсақтау саласында құқықтарын қамтамасыз ету кепілдігі, дәрігерлік құпия, донорлық және трансплантация, экспертиза түрлері	Білімін қолдану бойынша дағдыларын жетілдіру	6
Дәрігерлік құпияны сақтау бойынша білімі мен дағдыларын қалыптастыру	Дәрігерлік құпияны сақтау бойынша дағдысын қалыптастыру және дамыту	6
Медициналық қызметкерлердің құқықтық статусы және әлеуметтік қорғау		7
Денсаулықсақтау саласында халықаралық серіктестік жетістіктері мен бағыттары	Тәжірибеде алған білімін қолдану	7
Науқастар туралы ақпараттың конфиденциалдылығын қамтамасыз ету туралы білімі	Науқастар туралы ақпараттың конфиденциалдылығын сақтауды қамтамасыз ету дағдысын дамыту	7
Дәрігерлік қызмет саласындағы нормативті-құқықтық және заңды базалар	Дәрігерлік қызмет саласындағы нормативті-құқықтық және заңды базаларды қолдану дағдысын дамыту	7



Құқықтық компетенцияны қалыптастыру үлгісін жүйелі жүзеге асыру үшін мамандандырылуына сәйкес студенттің оқу деңгейі бойынша құқықтық компетенциялары жетістіктерінің қорытынды нәтижелерінің қандай екендігін білу тиіс (2 сурет).



2 сурет. ҚазҰМУ бітіруші түлегінің құқықтық компетенциялары жетістіктерінің деңгейі.

Құқықтық компетенцияларды қалыптастырудың бірінші деңгейде (1-2 курс) *тұлғаның жалпы дамуы жүреді*, оның жаңа әлеуметтік рөлді меңгеруімен және мамандықтың жалпы ғылыми негіздерін игеруімен байланысты. Осы саты студенттің медициналық қызметкер жұмысымен танысу барысында кәсіби салада өз орнын анықтауына бағытталған. Студенттер алғаш рет мамандардың жұмысын бақылайды, оны өз мүмкіндіктері мен болжамдарымен салыстырады. Ереже бойынша, бірінші курс студентінің әлеуметтік-құқықтық қызметіне кәсіби көзқарасы қалыптаспаған, ол оны қоршағандардың құқықтарының бұзылуына, құқықтық қызметке араласуға деген тілегінің жоғалуына алып келуі мүмкін.


Осыған байланысты, сабақтан бөлек МЖМББС қарастырылған құқықтық білімге үйретуді барлық кафедраларда жүзеге асыру қажет. Осы мақсатта, оқытылатын пәннің құқықтық бағытына қатысты сұрақтар тізімін құрастыру ұсынылады және оқушыларға қызықты оқытудың тиімді әдісін таңдау қажет. Ескеру қажет, құқықтық компетенцияны қалыптастыру үрдісінде тәрбие жұмысы аса маңызды орын алады. Құқықтық тәрбие саласында болуы мүмкін студенттердің әлеуметке қарсы және құқыққа қарсы қарқынды алдын алу шаралары жүргізілуде. Құқықтық тәрбие студенттерді университет тәртібінің ережелерін, қоршағандардың құқық ережелерін сақтауға жұмылдырады, белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастырады, тұлғалық қасиеттерін дамытады және өмірлік құндылықтары мен қызмет ету негіздерін реттейді.

*Тұлғаның арнайы даму* сатысында (3-5 курс) студенттер сенімділік пен еріктілікке ие болады, оқудың және тәрбиенің барлық түрін меңгереді, жалпы дайындық алады. Студенттердің арнайы – профильді – пәндерге қызығушылығы, кәсіби қызметке деген қызығушылығы артады. Бұл саты кәсіби білімінің дамуына, құқықтық игерімдерінің жетілуіне мүмкіндік береді. Осы деңгейде құқықтық сипаттағы шараларды жасау және жүзеге асыруға бағытталған үйретуші әдістемелерін қолдану ұсынылады (стандартты ситуациялық есептерді шешу, дебат және дискуссия жүргізу). Өндірістік тәжірибе өтуде құқықтық сұрақтарды қосу негізді. Осы кезеңде нақты құқықтық білім

жүйесін қалыптастыру, жауапкершілік, құқықтық белсенділік, коммуникативтілік сияқты тұлғалық қасиеттерді дамыту жағдайын құру міндеті тұрады.

Үшінші даму сатысында (6-7 курс) студенттің *арнайы кәсіби дайындылық дәрежесі артады*, ол болашақ қызметіне, жұмыстың ең рационалды мүмкіндіктері мен әдістерін меңгеруге меңзейтін белсенді жұмыс жағдайына өтуіне, осы үшін қажетті білімі, дағдысы мен игерімін бекітуге негізделген; болашақ мамандығына тікелей интегрирлену жүзеге асырылады. Осы деңгейде студенттер тәжірибе кезінде науқастарды әлеуметтік-құқықтық қорғау технологияларын меңгеруі, құқықтық бейімділік жобасын құру және оны жүзеге асыруы тиіс. Сатылы құқықтық білімнің соңғы нәтижесі тек медициналық аспектідегі емес, сонымен қатар, әлеуметтік-құқықтық сауатты маманның қалыптастырылуы.

Осыған байланысты, құқықтық компетенцияны үздіксіз қалыптастыру нәтижесінде білімі мен дағдыларының сатылы кеңеюі жүреді (3 сурет), құқықтық компетенцияларын қалыптастыруды жүзеге асырудың түрлері, әдістері мен мүмкіндіктері қиындайды.



3 сурет. ҚазҰМУ студенттері құқықтық компетенцияларының өзара байланысты

### 3 Ұйымдастыру-іскерлік қадам. Оқыту барысында студенттің тәртібі қалай өзгерді және оның компетенттілік деңгейі жұмыс жағдайында тиімді іс-әрекетін қамтамасыз ете алады ма.

Қандай компетенциялар болашақ кәсіби дәрігер үшін құқықтық болып табылатындығы күрделі де талас тудыратын сұрақтардың бірі. Компетенттілікті қалыптастыру құқықтық үлгісінің негізіне оқу кезінде меңгерген құқықтық сұрақтар туралы әмбебап білімі мен дағдысы, сонымен қатар арнайы биомедициналық біліміне жататын және ҚазҰМУ болашақ түлегінің біліктілігін сипаттайтын құқықтық дағдылары жатады.

Дәрігер-студент құқықтық саласына әмбебап, биомедициналық және кәсіби білімі жатады.

2 кестеде оқу курсы бойынша студентте қалыптасуы қажет құқықтық үлгісінің құрамдас құқықтық дағдылары және ұсынылатын бағалау әдістері келтірілген.

2 кесте - Құқықтық компетенттілік құрамы және оларды қалыптастыру деңгейлері

Курсы	Құқықтық	Қажетті дағдылары	Медициналық-	Ұсынылатын
-------	----------	-------------------	--------------	------------

	<b>үлгінің құрамдас бірліктері</b>		<b>құқықтық қатынастағы тәжірибесі</b>	<b>бағалау әдістері</b>
1 курс	Тәжірибеге негізделген оқу	Ғылыми мәліметтерді табу, біріктіру, (мысалы, науқастың құқықтық мәселелеріне қатысты)	Медициналық-құқықтық қатынастардың науқастардың денсаулығы мен жағдайына әсері	Табылған ақпараттың сенімділігі туралы жазбаша есеп
	Биомедициналық білім	Биомедициналық және әлеуметтік-тәрбиелік ғылым туралы білімін көрсету және қойылған мәселелерді шешуде оларды қолдана білу	Науқастың құқықтық қажеттіліктері оның денсаулығына қаншалықты әсер ететіндігін білу; құқықтық және тиімді араласуларды білу; Дидактикалық конференция және мастер-кластар (преклиналық конференция және тренингтер) құқықтық қажеттіліктері және медициналық-құқықтық аспектілері бойынша (медициналық этика және деонтология)	Емтихандар
2 курс	Тәжірибеге негізделген оқу	Ғылыми мәліметтерді табу, біріктіру, (мысалы, науқастың құқықтық мәселелеріне қатысты)	Медициналық-құқықтық қатынастардың науқастардың денсаулығы мен жағдайына әсері	Табылған ақпараттың сенімділігі туралы жазбаша есеп; Науқас күтімі туралы жазбаша есеп
	Тұлғааралық және коммуникативті дағдылар	Әлеуметтік-экономикалық және мәдени сұрақтар бойынша науқастармен, оның туыскандарымен және қоғаммен тиімді қатынас	Науқастардың денсаулығына әсер ететін мәселелері мен әлеуметтік детерминанттарды түсіну. Құқықтық аспектілерді анықтау және дұрыс бағыттау.	Науқастың тәртібі туралы жазбаша немесе корреспонденция жүргізу
	Биомедициналық білім	Биомедициналық және әлеуметтік-тәрбиелік ғылым бойынша түсінігі және осы білімін қойылған мәселелерді шешуде қолдана білу	Науқастың құқықтық қажеттіліктері оның денсаулығына әсер ететіндігін білу; құқықтық және тиімді араласуларды білу. Құқықтық қажеттіліктер	Емтихан

			бойынша дидактикалық конференция және мастер-кластар (преклиникалық конференция және тренингтер) медициналық-құқықтық аспектілер (медициналық этика және деонтология)	
	Профессионализм	А) жыныстық, жастық, діни, ұлттық, мәдени, физикалық және психикалық ерекшеліктерін ескермей, науқастардың әртүрлі категориясына қатынасы; Б) науқас, қоғам және өз мамандығы үшін жауапты болу.	А) науқастың денсаулығына әсер ететін осы саладағы құқықтық қажеттіліктерге сүйену Б) науқастардың жеке категориясына тиімді күтім, мысалы, науқастардың құқықтық қажеттіліктеріне скрининг жүргізетін симуляциялық жаттығулар (тренингтер)	А) құқықтық аспектілерге аса назар аударатын науқастар күтімі бойынша жазбаша есеп (қажеттілік және туындаған жағдайлар) Б) тікелей бақылау; толық бағалау
	Жүйелі-негізделген тәжірибе	А) науқас күтімінің сапасын насихаттау және күту жүйесін белсендендіру; Б) науқаспен және ұжымдастарымен құқықтық өзара қатынасы тәжірибесін білу	А) науқас денсаулығына саясат әсерін білу. Науқас күтімінің стандартты жүйесі ретінде оның денсаулығына әсер ететін құқықтық қажеттіліктерін анықтау және дұрыс бағалау; Б) науқастардың құқықтық қажеттіліктерімен кездескенде жүйені шектеу туралы түсінік	А) студенттік жобалар, науқас күтімі турлы есебі; Б) емтихан
3 курс	Оқу тәжірибесіне негізделген	Ғылыми мәліметтерді табу, біріктіру, (мысалы, науқастың құқықтық мәселелеріне қатысты)	Медициналық-құқықтық қатынастардың науқастардың денсаулығы мен жағдайына әсері	Табылған ақпараттың сенімділігі туралы жазбаша есеп; Науқас күтімі туралы жазбаша есеп
	Тұлғааралық және коммуникативті	Әлеуметтік-экономикалық және мәдени сұрақтар	Науқастардың денсаулығына әсер ететін мәселелері мен	Науқастың жағдайы туралы жазбаша есеп

	дағдылар	бойынша науқастармен, оның туысқандарымен және қоғаммен тиімді қатынас	әлеуметтік детерминанттарды түсіну. Құқықтық аспектілерді анықтау және дұрыс бағыттау.	
	Биомедициналық білім	Биомедициналық және әлеуметтік-тәрбиелік ғылым бойынша түсінігі және осы білімін қойылған мәселелерді шешуде қолдана білу	Науқастың құқықтық қажеттіліктері оның денсаулығына әсер ететіндігін білу; құқықтық және тиімді араласуларды білу. Құқықтық қажеттіліктер бойынша дидактикалық конференция және мастер-кластар (преклиналық конференция және тренингтер) медициналық-құқықтық аспектілер (медициналық этика және деонтология)	Емтихан
	Профессионализм	А) жыныстық, жастық, діни, ұлттық, мәдени, физикалық және психикалық ерекшеліктерін ескермей, науқастардың әртүрлі категориясына қатынасы; Б) науқас, қоғам және өз мамандығы үшін жауапты болу.	А) науқастың денсаулығына әсер ететін осы саладағы құқықтық қажеттіліктерге сүйену Б) науқастардың жеке категориясына тиімді күтім, мысалы, науқастардың құқықтық қажеттіліктеріне скрининг жүргізетін симуляциялық жаттығулар (тренингтер)	А) құқықтық аспектілерге аса назар аударатын науқастар күтімі бойынша жазбаша есеп (қажеттілік және туындаған жағдайлар) Б) тікелей бақылау; толық бағалау
	Жүйелі-негізделген тәжірибе	А) науқас күтімінің сапасын насихаттау және күту жүйесін белсендендіру; Б) науқаспен және ұжымдастарымен құқықтық өзара қатынасы тәжірибесін білу	А) науқас денсаулығына саясат әсерін білу. Науқас күтімінің стандартты жүйесі ретінде оның денсаулығына әсер ететін құқықтық қажеттіліктерін анықтау және дұрыс бағалау; Б) науқастардың	А) науқас күтімі бойынша және зерттеу әдістері бойынша чат-шолу және жазбаша есеп; портфолио Б) емтихан

			құқықтық қажеттіліктерімен кездескенде жүйені шектеу туралы түсінік	
4 курс	Тәжірибеге негізделген оқу	Ғылыми мәліметтерді табу, біріктіру, (мысалы, науқастың құқықтық мәселелеріне қатысты)	Медициналық-құқықтық қатынастардың науқастардың денсаулығы мен жағдайына әсері	Табылған ақпараттың сенімділігі туралы жазбаша есеп; Науқас зерттеу әдістері бойынша чат-шолу
	Тұлғааралық және коммуникативті дағдылар	Әлеуметтік-экономикалық және мәдени сұрақтар бойынша науқастармен, оның туыскандарымен және қоғаммен тиімді қатынас	Науқастардың денсаулығына әсер ететін мәселелері мен әлеуметтік детерминанттарды түсіну. Құқықтық аспектілерді анықтау және дұрыс бағыттау. Тренинг «Науқастың құқықтық қажеттіліктері бойынша тәжірибелік скрининг»	Науқас зерттеу әдістері бойынша жазбаша есеп
	Медициналық білім	Биомедициналық, клиникалық, эпидемиологиялық және әлеуметтік-тәрбиелік ғылым бойынша білімі және қойылған міндеттерді шешуде білімін қолдану	Науқастардың құқықтық қажеттіліктері оның денсаулығына қалай әсер ететіндігі туралы білімі; құқықтық және тиімді араласулар. Заңгерлер мен тәжірибелік дәрігерлердің қатысуымен құқықтық қажеттіліктер туралы дәрігерлік конференция және мастер-кластар (клиникалық конференция және тренингтер) және медициналық-құқықтық аспектілерді білу (медициналық этика және деонтология)	Емтихан
	Профессионализм	А) жыныстық, жастық, діни, ұлттық, мәдени, физикалық	А) науқастың денсаулығына әсер ететін осы саладағы	Құқықтық аспектілерін жоғары санайтын

		және психикалық ерекшеліктерін ескермей, науқастардың әртүрлі категориясына қатынасы; Б) науқас, қоғам және өз мамандығы үшін жауапты болу.	құқықтық қажеттіліктерге сүйену Б) науқастардың жеке категориясына тиімді күтім, мысалы, науқастардың құқықтық қажеттіліктеріне скрининг жүргізетін симуляциялық жаттығулар; медициналық емес бөлімшелерге бару (қоғамдық тамақтану заводы, қоғамдық тамақтану мекемелері, адвокаттық конторалар, прокуратура, СЭС және т.с.с.)	науқастарды зерттеу бойынша жазбаша есеп (қажеттіліктер мен туындаған жағдайлар); Чат-шолу Б) толық бағалау
	Жүйелі-негізделген тәжірибе	А) науқас күтімінің сапасын насихаттау және күту жүйесін белсендендіру; Б) науқаспен және ұжымдастарымен құқықтық өзара қатынасы тәжірибесін білу	А) науқас денсаулығына саясаттың әсерін білу. Науқас күтімінің стандартты жүйесі ретінде оның денсаулығына әсер ететін құқықтық қажеттіліктерін анықтау және дұрыс бағалау; Б) науқастардың құқықтық қажеттіліктерімен кездескенде жүйені шектеу туралы түсінік	А) науқас күтімі бойынша және зерттеу әдістері бойынша чат-шолу және жазбаша есеп; портфолио Б) емтихан
5 курс	Тәжірибеге негізделген оқу	А) Ғылыми мәліметтерді табу, біріктіру, (мысалы, науқастың құқықтық мәселелеріне қатысты) Б) тәжірибеде туындаған жағдайды жүйелі талдау және тәжірибені жақсарту үшін өзгерістерді жүзеге асыру В) науқастарды, олардың туысқандарын және	А) науқастардың жағдайына және денсаулығына медициналық құқықтық қатынастардың әсері туралы баяндама; Б) науқастардың жеке категорияларының құқықтық қажеттіліктерін анықтау және қатысу тиімділігін талдау; В) кәсіби топтар арасындағы	А) табылған ақпараттың сенімділігі туралы жазбаша есеп; Науқасты зерттеу және емдеу бойынша жазбаша есеп Б) құқықтық қажеттіліктерін жоғары санайтын науқастарды тексеру және емдеу туралы жазбаша есеп және

		басқаларды медициналық-құқықтық қатынас туралы білімдендіру	медициналық-құқықтық тренингтер (2-4 апталық); Науқастарды және олардың туысқандарын олардың құқықтары туралы оқыту	туындаған құқықтық жағдайлар; берілген тәжірибені талдау немесе чат-шолу В) емтихан, ОҚКЕ (стом.фак. үшін), құқықтық қажеттіліктерін жоғары санайтын науқастарды тексеру және емдеу туралы жазбаша есеп және туындаған құқықтық жағдайлар;
	Тұлғааралық және коммуникативті дағдылар	Әлеуметтік-экономикалық және мәдени сұрақтар бойынша науқастармен, оның туысқандарымен және қоғаммен тиімді қатынас	Науқастардың денсаулығына әсер ететін мәселелері мен әлеуметтік детерминанттарды түсіну. Құқықтық аспектілерді анықтау және дұрыс бағыттау. Тренинг «Науқастың құқықтық қажеттіліктері бойынша тәжірибелік скрининг»	Науқас зерттеу әдістері бойынша жазбаша есеп; стоматологиялық факультет үшін ОҚКЕ
	Медициналық білім	Биомедициналық, клиникалық, эпидемиологиялық және әлеуметтік-тәрбиелік ғылым бойынша білімі және қойылған міндеттерді шешуде білімін қолдану	Науқастардың құқықтық қажеттіліктері оның денсаулығына қалай әсер ететіндігі туралы білімі; құқықтық және тиімді араласулар. Заңгерлер мен тәжірибелік дәрігерлердің қатысуымен құқықтық қажеттіліктер туралы дәрігерлік конференция және мастер-кластар (клиникалық конференция және тренингтер) және медициналық-құқықтық аспектілерді	Емтихан, стоматологиялық факультет үшін ОҚКЕ



		білу (медициналық этика және деонтология)	
Науқас күтімі	Емдеу тиімділігін арттыратын науқас күтімін қамтамасыз ету	Науқастың құқықтық қажеттіліктерін анықтау және талдау, ауру тарихтары үшін құқықтық сипаттағы скринингтік сұрақтарды талдау	Чат-шолу, науқастардың құқықтық қажеттіліктері бойынша скринингтік сұрақтар туралы жазбаша есеп
Профессионализм	А) жыныстық, жастық, діни, ұлттық, мәдени, физикалық және психикалық ерекшеліктерін ескермей, науқастардың әртүрлі категориясына қатынасы; Б) науқас, қоғам және өз мамандығы үшін жауапты болу.	А) науқастың денсаулығына әсер ететін осы саладағы құқықтық қажеттіліктерге сүйену Б) науқастардың жеке категориясына тиімді күтім, мысалы, науқастардың құқықтық қажеттіліктеріне скрининг жүргізетін симуляциялық жаттығулар; медициналық емес бөлімшелерге бару (қоғамдық тамақтану заводы, қоғамдық тамақтану мекемелері, адвокаттық конторалар, прокуратура, СЭС және т.с.с.)	Құқықтық аспектілерін жоғары санайтын науқастарды зерттеу бойынша жазбаша есеп (қажеттіліктер мен туындаған жағдайлар); Чат-шолу Б) толық бағалау
Жүйелі-негізделген тәжірибе	А) науқас күтімінің сапасын насихаттау және науқасты күту жүйесін белсендіру; Б) ұжымда және науқастармен жұмыс істеуде құқықтық өзара қатынас туралы білу; В) науқастардың қауіпсіздігін күшейту үшін мамандықаралық топта жұмыс істеу;	А) науқастардың денсаулығына саясаттың әсерін жазу. Денсаулыққа әсер ететін науқас күтімі жүйесінің стандартты бөлшегі ретінде құқықтық қажеттіліктерді анықтау және бағыттау; Б) науқастардың құқықтық қажеттіліктерімен кездескенде шектеу жүйесін түсіну; науқастардың құқықтық	

			қажеттіліктері бойынша басқа мақалалар хаттар жаза білу В) мамандықаралық топтардың бір бөлігі ретінде заңгерлерді қосу, науқастардың күтімін жақсарту үшін және денсаулығын арттыру үшін	
6 курс	Тәжірибеге негізделген оқу	А) Ғылыми мәліметтерді табу, біріктіру, (мысалы, науқастың құқықтық мәселелеріне қатысты) Б) тәжірибеде туындаған жағдайды жүйелі талдау және тәжірибені жақсарту үшін өзгерістерді жүзеге асыру В) науқастарды, олардың туысқандарын және басқаларды медициналық-құқықтық қатынас туралы білімдендіру	А) науқастардың жағдайына және денсаулығына медициналық құқықтық қатынастардың әсері туралы баяндама; Б) науқастардың жеке категорияларының құқықтық қажеттіліктерін анықтау және қатысу тиімділігін талдау; В) кәсіби топтар арасындағы медициналық-құқықтық тренингтер (2-4 апталық); Науқастарды және олардың туысқандарын құқықтары туралы оқыту	А) табылған ақпараттың сенімділігі туралы жазбаша есеп; Науқасты зерттеу және емдеу бойынша жазбаша есеп Б) құқықтық қажеттіліктерін жоғары санайтын науқастарды тексеру және емдеу туралы жазбаша есеп және туындаған құқықтық жағдайлар; берілген тәжірибені талдау немесе чат-шолу В) емтихан, ОҚКЕ
	Тұлғааралық және коммуникативті дағдылар	А) әлеуметтік-экономикалық және мәдени сұрақтар аясында науқастармен және олардың туысқандарымен тиімді қатынас Б) дәрігерлермен және денсаулықсақтау мекемелерінің және оларға жататын бөлімшелердің басқа да қызметкерлерімен тиімді қатынас орнату В) науқастарды күту	А) Науқастардың денсаулығына әсер ететін әлеуметтік детерминант және мәселелерді түсіну. Құқықтық аспектілерді дұрыс түсіну және бағыттау. «Науқастың құқықтық қажеттіліктерінің тәжірибелік скринингі» Б) мамандықаралық топтарға мүше ретінде заңгерлерді тарту В) науқастың адвокаты ретінде заңгерлік топ	А) Науқасты зерттеу және емдеу бойынша жазбаша есеп; ОҚКЕ, толық бағалау Б) толық бағалау В) толық бағалау

		және емдеу бойынша топтың көшбасшысы және мүшесі ретінде тиімді жұмыс істей алу (кәсіби топ)		
	Медициналық білім	Биомедициналық, клиникалық, эпидемиологиялық және әлеуметтік-танымдық ғылымдарды білу және қойылған міндеттерді шешуде оларды қолдана білу	Науқастардың денсаулығына әсер ететін құқықтық қажеттіліктерді білу; құқықтық және тиімді араласуларды білу. Заңгер және тәжірибелік дәрігерлердің қатысуымен құқықтық қажеттіліктер мен медициналық аспектілер (медициналық этика және деонтология) туралы дәрігерлік конференция және мастер-кластар (клиникалық конференция және тренингтер)	ОҚКЕ
	Науқас күтімі	Емнің тиімділігін арттыратын науқастың күтімін қамтамасыз ету	Науқастың құқықтық қажеттіліктерінің идентификациясынан және трактовкасынан тұрады, ауру тарихы үшін құқықтық сипаттағы скринингтік сұрақтарды құрастыру; Пәнаралық топтарда жұмыс істеу – заңгерлермен бірге заңды араласуларды суреттеу	Науқастардың құқықтық қажеттіліктерінің скринингтік сұрақтары туралы жазбаша есеп; мамандықаралық топтарда жұмысы және науқастарды зерттеу және емдеу туралы жазбаша есеп
	Профессионализм	А) жыныстық, жастық, діни, ұлттық, мәдени, физикалық және психикалық ерекшеліктерін ескермей, науқастардың әртүрлі категориясына қатынасы; Б) науқас, қоғам және өз мамандығы үшін жауапты болу.	А) науқастың денсаулығына әсер ететін осы саладағы құқықтық қажеттіліктерге сүйену Б) науқастардың жеке категориясына тиімді күтім, мысалы, науқастардың құқықтық қажеттіліктеріне скрининг жүргізетін симуляциялық	Құқықтық аспектілерді ескере отырып, науқастарды зерттеу және емдеу бойынша жазбаша есеп (жағдайға байланысты туындаған қажеттіліктер); ОҚКЕ Б) толық бағалау

		жаттығулар; медициналық емес бөлімшелерге бару (қоғамдық тамақтану заводы, қоғамдық тамақтану мекемелері, адвокаттық конторалар, прокуратура, СЭС және т.с.с.) Заңгерлермен патронаж	немесе заңгерлермен жұмыс туралы есеп
Жүйелі- негізделген тәжірибе	А) науқас күтімінің сапасын насихаттау және науқасты күту жүйесін белсендіру; Б) ұжымда және науқастармен жұмыс істеуде құқықтық өзара қатынас туралы білу; В) науқастардың қауіпсіздігін күшейту үшін мамандықаралық топта жұмыс істеу;	А) науқастардың денсаулығына саясаттың әсерін жазу. Денсаулыққа әсер ететін науқас күтімі жүйесінің стандартты бөлшегі ретінде құқықтық қажеттіліктерді анықтау және бағыттау; Б) науқастардың құқықтық қажеттіліктерімен кездескенде шектеу жүйесін түсіну; науқастардың құқықтық қажеттіліктері бойынша басқа мақалалар хаттар жаза білу В) мамандықаралық топтардың бір блігі ретінде заңгерлерді қосу, науқастардың күтімін жақсарту үшін және денсаулығын арттыру үшін Г) құқықтық мекемелердің сұранысын анықтау және жауап беру	А) Чат-шолу, портфолио, толық бағалау, науқастарды зерттеу және емдеу туралы жазбаша есеп; Б) емтихан; портфолио В) ОҚКЕ
7 курс	Тәжірибеге негізделген оқу	А) Ғылыми мәліметтерді табу, біріктіру, (мысалы, науқастың құқықтық мәселелеріне қатысты) Б) тәжірибеде	А) құқықтық қажеттіліктер туралы ақпараттың сенімділігі туралы жазбаша есеп; чат- шолу;

		<p>туындаған жағдайды жүйелі талдау және тәжірибені жақсарту үшін өзгерістерді жүзеге асыру</p> <p>В) науқастарды, олардың туысқандарын және басқаларды медициналық-құқықтық қатынас туралы білімдендіру</p>	<p>Б) науқастардың жеке категорияларының құқықтық қажеттіліктерін анықтау және қатысу тиімділігін талдау;</p> <p>В) кәсіби топтар арасындағы медициналық-құқықтық тренингтер (2-4 апталық);</p> <p>Науқастарды және олардың туысқандарын құқықтары туралы оқыту</p>	<p>Б) тәжірибе мәліметтерерін шолу немесе чат-шолу</p> <p>В) ОҚКЕ</p>
	<p>Тұлғааралық және коммуникативті дағдылары</p>	<p>А) әлеуметтік-экономикалық және мәдени сұрақтар аясында науқастармен және олардың туысқандарымен тиімді қатынас</p> <p>Б) дәрігерлермен және денсаулықсақтау мекемелерінің және оларға жататын бөлімшелердің басқа да қызметкерлерімен тиімді қатынас орнату</p> <p>В) науқастарды күту және емдеу бойынша топтың көшбасшысы және мүшесі ретінде тиімді жұмыс істей алу (кәсіби топ)</p>	<p>Науқастардың денсаулығына әсер ететін әлеуметтік детерминант және мәселелерді түсіну. Құқықтық аспектілерді дұрыс түсіну және бағыттау.</p> <p>«Науқастың құқықтық қажеттіліктерінің тәжірибелік скринингі»</p> <p>Б) мамандықаралық топтарға мүше ретінде заңгерлерді тарту</p> <p>В) науқастың адвокаты ретінде заңгерлік топ</p>	<p>А) Науқасты зерттеу және емдеу бойынша жазбаша есеп; ОҚКЕ, толық бағалау</p> <p>Б) толық бағалау</p> <p>В) толық бағалау</p>
	<p>Медициналық білім</p>	<p>Биомедициналық, клиникалық, эпидемиологиялық және әлеуметтік-танымдық ғылымдарды білу және қойылған міндеттерді шешуде оларды қолдана білу</p>	<p>Науқастардың денсаулығына әсер ететін құқықтық қажеттіліктерді білу; құқықтық және тиімді араласуларды білу.</p> <p>Заңгер және тәжірибелік дәрігерлердің қатысуымен құқықтық қажеттіліктер мен медициналық аспектілер</p>	<p>ОҚКЕ</p>

			(медициналық этика және деонтология) туралы дәрігерлік конференция және мастер-кластар (клиникалық конференция және тренингтер)	
	Науқас күтімі	Емнің тиімділігін арттыратын науқастың күтімін қамтамасыз ету	Науқастың құқықтық қажеттіліктерінің идентификациясы және жолын анықтаудан тұрады, ауру тарихы үшін құқықтық сипаттағы скринингтік сұрақтарды құрастыру; Пәнаралық топтарда жұмыс істеу – заңгерлермен бірге заңды араласуларды суреттеу	Науқастардың құқықтық қажеттіліктерінің скринингтік сұрақтары туралы жазбаша есеп; мамандықаралық топтарда жұмысы және науқастарды зерттеу және емдеу туралы жазбаша есеп
	Профессионализм	А) жыныстық, жастық, діни, ұлттық, мәдени, физикалық және психикалық ерекшеліктерін ескермей, науқастардың әртүрлі категориясына қатынасы; Б) науқас, қоғам және өз мамандығы үшін жауапты болу.	А) науқастың денсаулығына әсер ететін осы саладағы құқықтық қажеттіліктерге сүйену Б) науқастардың жеке категориясына тиімді күтім, мысалы, науқастардың құқықтық қажеттіліктеріне скрининг жүргізетін симуляциялық жаттығулар; медициналық емес бөлімшелерге бару (қоғамдық тамақтану заводы, қоғамдық тамақтану мекемелері, адвокаттық конторалар, прокуратура, СЭС және т.с.с.) Заңгерлермен патронаж	А) толық бағалау немесе заңгерлермен жұмыс туралы есеп
	Жүйелі-негізделген тәжірибе	А) науқас күтімінің сапасын насихаттау және науқасты күту жүйесін белсендіру; Б) ұжымда және	А) науқастардың денсаулығына саясаттың әсерін жазу. Денсаулыққа әсер ететін науқас күтімі	А) Чат-шолу, толық бағалау Б) емтихан; В) ОҚКЕ

		<p>науқастармен жұмыс істеуде құқықтық өзара қатынас туралы білу;</p> <p>В) науқастардың қауіпсіздігін күшейту үшін мамандықаралық топта жұмыс істеу;</p>	<p>жүйесінің стандартты бөлшегі ретінде құқықтық қажеттіліктерді анықтау және бағыттау;</p> <p>Б) науқастардың құқықтық қажеттіліктерімен кездескенде шектеу жүйесін түсіну; науқастардың құқықтық қажеттіліктері бойынша басқа мақалалар хаттар жаза білу</p> <p>В) мамандықаралық топтардың бір блігі ретінде заңгерлерді қосу, науқастардың күтімін жақсарту үшін және денсаулығын арттыру үшін</p> <p>Г) құқықтық мекемелердің сұранысын анықтау және жауап беру</p>	
--	--	---	--	--

#### 4 Нәтижелі қадам. Жұмыспен қамтушылардың жалпы және болжамды оқытудың университет үшін көзге көрінетін нәтижелері қандай.

Құқықтық компетенциялардың қалыптасуы үлгісіне сәйкес деңгейлі-нәтижелі сатыны жүзеге асыру үшін мотивациялық-құндылықты, когнитивті, танымдық-рефлексивті және тұлғалық компоненттерден тұратын бағалау критерийлері құрастырылды (3 кесте). Құқықтық компетенция қалыптастыру деңгейлері жоғарғы, ортаңғы және төменгі болып бағаланады, сәйкесінше, студент 100ден 0ге дейінгі балл алады. Берілген градация оқытушының студенттерді тәжірибелік сабақ кезінде компетенцияларды ағымды бақылау нұсқауы бола алады, сонымен қатар студенттердің өзін өзі бақылауы үшін. Құқықтық компетенциялар бойынша тәжірибелік сабақтарда нақты стандартты, соның ішінде клиникалық есептерді шешуде тренингтердің рөлі зор. Тренингтер бағдарламасын әр кафедра өздері құрастыра алады және құқықтық сұрақтарды оқытатын кафедралармен келісе алады.

3 кесте - ҚазҰМУ бітіруші түлектері құқықтық компетенцияларының қалыптасу деңгейі және көрсеткіштері, критерийлері

Критерийлер	Деңгейлері		
	Жоғары (76-100 б)	Ортаңғы (50-75 б)	Төменгі (0-49 б)
<i>мотивациялық-құндылықты</i>	Студенттер құқықтық құндылықтарды	Студенттер құқықтық құндылықтарды	Студенттер құқықтық құндылықтарды бағаламайды

	саналы түрде бағалайды	саналырақ бағалайды	
	Иерархиялық құндылықтар бағанасында алғашқы орынға қояды	Иерархиялық құндылықтар бағанасында ортаңғы орынға жақын қояды	Олар құнды деп санамайды, сезінбейді
	Әлеуметтік-құқықтық әрекеттерге қатынасы жақсы	Әлеуметтік-құқықтық әрекеттерге қатынасы кейде жақсы	Әлеуметтік-құқықтық әрекеттерге қатынасы жақсы
	Құқық ережелеріне жақсы қатынас көрсетеді	Құқық ережелерге деген қатынасы барлық кезде жақсы емес	Құқық ережелерге деген қатынасы дұрыс емес
	Өзінің және оны қоршағандардың құқықтық ережелерді сақтау міндетін мойындайды	Өзінің және оны қоршағандардың құқықтық ережелерді сақтау міндетін жартылай мойындайды	Өзінің және оны қоршағандардың құқықтық ережелерді сақтау міндетін мойындамайды
	Әлеуметтік-құқықтық әрекеттері көзқарасы толық қалыптасқан	Әлеуметтік-құқықтық әрекеттері көзқарасы жартылай қалыптасқан	Әлеуметтік-құқықтық әрекеттері көзқарасы қалыптаспаған
	Әлеуметтік-құқықтық әрекеттерге деген қажеттілігі көрінеді (тұрақты, саналы ұстаным)	Әлеуметтік-құқықтық әрекеттерге деген қажеттілігі кейде көрінеді (ситуацияға қарай)	Әлеуметтік-құқықтық әрекеттерге деген қажеттілігі жоқ
<b>когнитивті</b>	Студенттер құқық саласында, науқастарды әлеуметтік-құқықтық қорғауда толық білімге ие	Студенттер құқық саласында, науқастарды әлеуметтік-құқықтық қорғауда білімі жеткілікті, бірақ білімінің беткей екендігі анықталады	Студенттер құқық саласында, науқастарды әлеуметтік-құқықтық қорғауда білімі бар, бірақ білімі беткей және фрагменттелген
	Білімін үнемі толықтыруға және жетілдіруге ұмтылады; құқықтық білім деңгейі жоғары	Құқықтық білім деңгейі жеткілікті	Құқықтық білім деңгейі төмен
	Стандартты емес жағдайларда білімін белсенді қолданады. Құқықтық білімдерін	Құқықтық білімдерін игереді	Құқықтық білімін игере алмайды



	белсенді игереді		
	Когнитивті потенциалы жоғары	Когнитивті потенциалы оқу материалдарын тану, түсіну және қабылдаумен сипатталады	Когнитивті потенциалы оқу материалдарын қабылдау және есте сақтаумен сипатталады
	Құқықтық білімді алуға деген қызығушылығы өзіне және өзін қоршағандарға бағытталған	Құқықтық білімді алуға деген қызығушылығы өзіне және өзін қоршағандарға бағытталған	Құқықтық білімді алуға деген қызығушылығы таңдамалы (өзіне бағытталған)
<b><i>танымдық-рефлексивті</i></b>	Студенттердің құқықтық игерімдерінің қалыптасу деңгейі жоғары	Студенттердің құқықтық игерімдерінің қалыптасу деңгейі орташа	Студенттердің құқықтық игерімдерінің қалыптасу деңгейі төмен
